ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕР ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ МИССИЯСЫ

Парламент Мәжілісіне сайлау, Қазақстан Республикасы
2021 жылғы 10 қаңтар

МӘЛІМДЕМЕ

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шақыруы бойынша Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясының (ТҮРКПА) Халықаралық бақылау миссиясы *(бұдан әрі – Миссия)* 2021 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне *(төменгі Палатасы)* сайлаудың қысқа мерзімді мониторингін өткізді. Миссия құрамына Әзербайжан мен Түркия парламенттерінің мүшелері, сондай-ақ ТҮРКПА Хатшылығының дипломатиялық қызметкерлері кірді *(Миссия тізімінде көрсетілген)*.

Қазақстан Парламентінің Мәжілісіне сайлау негізінен Конституциямен (соңғы өзгерістер 2017 жылы енгізілген) және «Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен (1995 жылғы 28 қыркүйекте қабылданған) реттеледі. Конституциялық заң, тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының Президентін, Парламентінің Сенаты мен Мәжілісінің, мәслихаттарының депутаттарын және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауға әзірлік пен оны өткізуге байланысты туындайтын қатынастарды реттейді, сондай-ақ ел азаматтарының еркін ерік білдіруін қамтамасыз етуге кепілдік береді. Нормативтік базаға сондай-ақ Азаматтардың сайлау құқықтарының кепілдіктері туралы Заң, Бейбіт жиналыстар туралы Заң (2020 жылы қабылданған), Саяси партиялар туралы Заң (2020 жылы енгізілген түзетулермен), Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заң және Орталық сайлау комиссиясының регламенті кіреді. Қазақстан демократиялық сайлауды өткізуге байланысты негізгі халықаралық және өңірлік құжаттардың қатысушысы болып табылады.

Қазақстанда сайлауды Орталық сайлау комиссиясы (ОСК), 232 аумақтық сайлау комиссиялары (АСК) және 10061 учаскелік сайлау комиссиялары (УСК) өткізеді. Елден тыс жерлерде дауыс беру Қазақстанның дипломатиялық өкілдіктері жанынан құрылған 66 сайлау учаскесінде өткізілді. Барлық деңгейдегі комиссиялар 5 жыл мерзімге тағайындалады және УСК қоспағанда, 7 мүшеден тұрады.

COVID-19 пандемиясына қатысты ОСК Денсаулық сақтау министрлігімен дауыс беру күніндегі сақтық және қорғаныс шараларын, мысалы, дауыс беру орындарындағы әлеуметтік алыстату, сайлау учаскелерінде дезинфекциялық материалдар мен сайлау комиссияларының қызметкерлеріне қорғаныс құралдарын ұсыну сияқты тиімді жұмыс жасады. Сонымен бірге, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау науқаны кезінде COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау жөніндегі шараларды бекіту туралы» қаулы шығарды.

ОСК осы сайлауға қатысу үшін тізімінде 312 кандидат, оның ішінде 90 әйел бар бес саяси партияны тіркеді. Саяси партиялар туралы Заңға енгізілген соңғы түзетулер партияны тіркеу үшін партия мүшелерінің қажетті ең аз саны 40000-нан 20000-ға дейін түсіріп, елдің әр облысында және республикалық маңызы бар үш қалада филиалдарының болуын талап етеді.

Миссия өзінің байқау бағдарламасы шеңберінде Орталық сайлау комиссиясының басшысымен, Сыртқы істер министрімен және Қазақстан Парламенті Сенатының *(жоғарғы Палатаның)* Төрағасымен кездесулер өткізді. Осы кездесулер барысында Миссия мүшелеріне сайлауға дайындық туралы ақпарат беріліп, оған төменгі деңгейдегі комиссиялар мен құқық қорғау органдары үшін оқытуды ұйымдастыру, сайлаушылар мен кандидаттарды тіркеу және шағымдарды қарау кірді.

Миссия мүшелері сайлауға қатысатын саяси партиялардың өкілдерімен де кездесулер өткізді. Саяси партиялардың лауазымды тұлғалары өздерінің сайлау алдындағы платформалары мен сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстары туралы бақылаушыларды хабардар етті.

Сайлау күні Миссия астанасы Нұр-Сұлтан қаласындағы бірқатар сайлау учаскелеріне барып, сайлау учаскелерінің ашылуынан бастап, дауыстарды санауға дейінгі барлық кезеңдерде дауыс беру процесін бақылап отырды. Миссия дауыс беру барысын бақылауға, сайлаушылармен және сайлау

учаскелерінің қызметкерлерімен, сондай-ақ жергілікті жердегі байқаушылармен қарым-қатынас құруға мүмкіндік алды.

Сайлау күні сайлау учаскелері таңғы 7:00-ден кешкі 20:00-ге дейін ашық болды. Дауыс беру жалпы қалыпты жағдайда өтіп, Орталық сайлау комиссиясының ақпараты бойынша сайлаушылардың 63,3%-ы сайлауға белсенді қатысты. ОСК мәліметінше сайлауда дауыс беру үшін 11 915 903 сайлаушы тіркелген.

Сайлау күні, 2021 жылғы 10 қаңтарда ТҮРКПА бақылаушылары Нұр-Сұлтан қаласының төрт ауданында сайлауды байқауға мүмкіндік алды. Бақылаушылар миссиясы сайлау учаскелеріне барып, дауыс беру процесі туралы – пункттерді ашудан бастап дауыстарды санауға дейін және сайлау нәтижелерін анықтауға дейін – дауыс берудің барлық кезеңдерінде жеке әсер алуға мүмкіндік алды. Алғаш рет енгізілген бірлескен квотаның арқасында әйелдер мен жастардың сайлауға деген қызығушылығы едәуір артты.

Миссия 2017 жылғы Конституциялық реформаны қоса алғанда, соңғы кезеңдегі Қазақстандағы сайлауға байланысты заңнамалық базадағы елеулі өзгерістерді атап көрсетеді. Назар аударарлық заңнамалық түзетулер төменгі деңгейдегі сайлауды басқару органдарын құрумен, сайлаушыларды тіркеу процесімен және елдің саяси өміріндегі жастар мен әйелдердің рөлін арттырумен байланысты болды. Осылайша, тарихта алғашқы рет Қазақстан Сайлау туралы Заңына сайлауға қатысатын саяси партиялардың кандидаттар тізімінде әйелдер мен жастар өкілдігінің кемінде 30% мөлшерінде бірлескен квота болуын енгізді.

2017 жылғы Конституциялық реформаның өзі Мәжілістің Үкіметті қалыптастыру мен оның есептілігіне, сондай-ақ Мәжілістің ерекше міндеттері шеңберінде Үкіметке сенімсіздік вотумын қабылдауға қатысты рөлін арттырды. Оның үстіне, Қазақстанның сайлау заңнамасындағы елеулі өзгерістердің бірі Парламенттік оппозиция институтын енгізу және оның Мәжіліс қызметіндегі рөлін күшейту болып табылады. Бұл тұрғыда Парламенттік оппозицияға Парламенттік тыңдауды бастау және Үкіметтің күн тәртібін анықтау құқығы беріледі. Бұдан басқа, елдің саяси жүйесін демократияландыруға ықпал еткен Бейбіт жиналыстар туралы жаңа Заңның қабылдануы Қазақстанның ұлттық заңнамасындағы елеулі жаңалық болды.

Қазақстан Конституциясы пікір білдіру бостандығына, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігіне және ақпаратқа қол жеткізу құқығына кепілдік

береді, сондай-ақ Сайлау туралы Заң саяси партияларға ақылы және тегін медиа-ресурстарға тең қол жеткізуге кепілдік береді. Өз кезегінде, Сайлау туралы Заңда саяси партиялардың сайлауға қатысу үшін тең құқықтары мен шарттары бар, ресурстарды теріс пайдалануға және дауыстарды әртүрлі тәсілдермен сатып алуға қатаң тыйым салынады.

Қазақстандағы осы сайлау кезінде Миссиямен белгіленген маңызды технологиялық жетістіктердің бірі сайлаушыларды тіркеу процесін жетілдіру болып табылады. Осы іс шеңберінде ОСК Цифрлық даму және инновациялар министрлігімен бірлесіп, азаматтарды тіркеу орны туралы деректердің жазбаларын онлайн-тексеру жүйесін әзірлеп, қолданды. Нәтижесінде 4000-нан астам учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері электрондық портал арқылы сайлаушылардың тұрғылықты жері туралы ақпаратқа қол жеткізді, бұл оларға сайлаушылар тізімімен салыстыруға мүмкіндік берді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Миссия Парламенттік сайлаудың тыныш, сонымен бірге жоғары бәсекелестік жағдайда өткенін және Қазақстандағы саяси партиялардың рөлінің өскенін атап көрсетеді. Бұл сайлауға жастар мен әйелдердің кеңінен қатысуы, сонымен қатар, қоғамның осы екі тобының да елдің саяси өміріне тұрақты қатысуын қамтамасыз ететін, бәсекеге түсетін саяси партиялар үшін жаңа енгізілген квотамен байланысты нормативтік базадан туындайды.

Миссия сайлауды басқару органдары жеткілікті ресурстарға ие екенін және сайлауды өткізуге кәсіби дайындығын, мүмкіндігі шектеулі адамдарға кедергісіз қол жетімділікті де қамтамасыз ете алатынын байқады. Сонымен бірге, Миссия Орталық сайлау комиссиясы мен төменгі сайлау органдарының COVID-19 пандемиясының аясында сайлауды басқарудағы керемет жұмысын жоғары бағалайды. Пандемияның таралуын болдырмауға арналған шаралар сайлау учаскелерінің қол жетімділігіне кедергі келтірмеді.

Сайлауды азаматтық және халықаралық бақылау заңнамада қарастырылған. Саяси партиялар ұқсас құқықтары бар бақылаушылар мен сенім білдірушілерге ие болуға құқылы, ал азаматтық бақылаушыларды қоғамдық және коммерциялық емес ұйымдар ұсына алады. Миссия Қазақстандағы сайлауды халықаралық бақылау үшін қарастырылған құқықтық және логистикалық шарттарды жоғары бағалайды. Миссия өз қызметінде ТҮРКПА-ның Сайлауды байқау туралы ережелеріне және тиісті халықаралық құжаттарға сәйкес объективтілік, әділдік, ашықтық және бейтараптық қағидаттарын ұстанды.

Миссия 2021 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлауы Қазақстанның ұлттық заңнамасына және халықаралық сайлау стандарттарына сәйкес өтті деп қорытынды жасайды.